



САРЫЛАРҚА

16 ақпан, сейсенбі
2010 жыл

САМАЛЫ



№ 17
(14505)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

ОҢІРДЕГІ БАЛЫҚ, ҚОРЫ АЗАЙЫП БАРАДЫ...

Соңғы жылдар ішінде Ертіс өзені жайылмаларына суды мейлінше аз босату Павлодар облысындағы балық ресурстары қорларын күрт төмендетіп жіберді. Бұрындары облыста балық аулау көлемі бір жылда бір мың тоннадан асса, 2009 жылға ғылымның биологиялық негіздемелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен біздің өңірден 300 тонна шамасында

ауланады. Аталмыш табиғат пайдаланушы келісімшарт міндеттемелерін орындау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде, атап айтқанда су айдындарын балықтандыру, қорықшылар қызметін құру, ғылыми ұйымдармен өзара әрекеттесу және балық ресурстарын ұлғайту бағытындағы басқа да шаралар.

Былыр Баянауыл ауданындағы «Болашақ» шаруа қожалығы өзіне бекітіліп берілген





ж., 04.12.2009 ж.) әкімшілік жауапкершілікке тартылып, сәйкесінше 14016 теңге, 46720 теңге, 19440 теңге көлемдерінде айыппұл төледі, тыйым салынған аулау құралдары тәркіленіп, жойылды.

Железинка ауданының тұрғыны В.Н.Муляев 2009 жылдың жаз айында тыйым салынған уақытта рұқсат берілмейтін қалқымалы тор-аулағышпен сүйірік балығын заңсыз түрде аулады, жасаған әрекеті үшін Железинка аудандық сотының шешімімен оған әкімшілік жаза белгіленіп, 25460 теңге айыппұл тағайындалды, «Вихрь-25» моторлы қайығы және «Обь» дюральді қайығы мемлекет меншігіне тәркіленіп алынды. Ертеректе ол балық аулау Ережесін бұзғаны үшін мемлекеттік инспекторлармен әкімшілік жазаға тартылған болатын.

Тағы бір мысал, Май ауданына қарасты Жұмыскер ауылының тұрғыны Асхат Қопаев 2009 жылдың маусым айында балықтың уылдырық шашуына байланысты тыйым салынған мезгілде қолдануға рұқсат етілмейтін құралмен балық аулаған, Май аудандық соты азаматты әкімшілік жазаға тартып, 12960 теңге көлемінде айыппұл төлеттірді, аулау құралы мемлекет меншігіне тәркіленіп алынды.

2009 жылы инспекторлық құрам табиғат қорғау заңнамасы тексерісі бойынша 1449 рейд жүргізді, нәтижесінде 580 заң бұзушылық анықталып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес әкімшілік хаттамалары толтырылды. Кодекстегі келесідей баптарда заң бұзушылықтар орын алды: 298-1 бап, 1-бөлім - 507 оқиға, 298-1 бап, 2 бөлім - 60 оқиға, 299 бап - 9 оқиға, 356 бап, 3 бөлім - 1 оқиға, 298 бап, 1 бөлім - 1 оқиға, 298 бап, 3 бөлім - 2 оқиға. Айыппұлдың жалпы сомасы 2 578 416 теңгені құрады.

Соттармен әкімшілік жауапкершілікке жалпы сомасы 300995 теңгеге 22 адам тартылды. Жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін, яғни балықты кәсіптік және әуесқойлық (спорттық) аулаудан жергілікті бюджетке 2672859 теңге түсті.

Қазіргі уақытта 2010 жылдың балық аулау лимиті табиғат пайдаланушыларға таратылып берілуде, олардың балық аулаумен

әкімшілік жауапкершілікке бірнеше мәрте тартылды.

Балық ресурстарының күрт төмендеп кетуіне екінші маңызды фактор - браконьерлік әрекеттер себеп. Әсіресе, соңғы уақытта белсенді бола түскен балықты жоюдың тәсілі - электр тогін қолдану табиғатқа шектен тыс шығын келтіреді. Электр тогін қолданған жағдайда жас балықтар көптеп қырылады, ал тірі қалған балықтар одан әрі өсіп-өну қабілетінен айрылады, сондай-ақ судағы азықтық база болып табылатын өсімдіктер мен барлық биоты жойылады. Балық инспекторлары құрамына рейдтер жүргізу кезінде мұндай браконьерлерді ұстау аса қиынға соғады, себебі олар инспекцияның катер немесе моторлы қайық

балық аулау лимиті енгізілді. 2010 жылға арналған балық аулау лимиті өткен жылғы деңгейде қалдырылды.

Қазіргі уақытта біздің облыс аумағында 280 балық шаруашылығы су айдыны бар, оның ішінде Ертіс өзені халықаралық маңызға ие, Қ.Сәтбаев атындағы каналдағы сегіз гидроторап, Екібастұз су қоймасы, сондай-ақ республикалық маңыздағы ГРЭС-1 және ГРЭС-2 су айдындары соған тәуелді. Қалған 268 су айдыны жергілікті маңызға ие, оның ішінде 151 су айдыны конкурстық негізде 38 табиғат пайдаланушыға он жыл мерзімге бекітіліп берілген. Ертіс өзені жайылмаларына судың аз жайылуы салдарынан 2006 жылдан бері 19 табиғат пайдаланушы балық шаруашылығын енгізуден толықтай бас тартты, 7 пайдаланушы құрғап және батпақтанып кетуіне байланысты 31 су айдынынан бас тартты. 2010 жылдың 1 ақпанына дейінгі жағдай бойынша балық ресурстары сақталып қалған 117 су айдыны жергілікті маңыздағы резервті су айдындары болып табылады, облыс әкімінің қаулысы бекітілгеннен кейін олар конкурстық негізде басқа табиғат пайдаланушыларға ұзақ мерзімді жалгерлік шартымен берілуі мүмкін, бұл - алдағы уақытта облыс тұрғындарының балық ресурстарына деген сұранысын қамтамасыз ететін және жергілікті бюджетті қаржылай құралдармен толықтыратын су айдындарын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Бүгінде аңшылар мен балық аулаушылардың облыстық қоғамы өңірдегі балық шаруашылығы су айдындарын ірі пайдаланушы болып табылады, оның төрағасы Олег Вахитов. Бұл ұжымға 72 су айдыны бекітіліп берілген, олардан облыстағы лимиттің үштен бір бөлігі



«Жарлыкөл» су айдынында үлкен жұмыстар жүргізді. Көктемде еріген суды су айдынында ұстап қалуға мүмкіндік беретін үйінді бөгет тұрғызды, суға тұқы, қара балық, шабақ балық, шаян жіберілді. Балықшыларға арнап көл жағасынан жылытылатын ғимарат салып берді, онда әрдайым көмір қоры бар, балықшылардың демалуы үшін кереуеттер қойылған, көл жағалай құл-қоқысқа арналған ыдыстар және аншлаптар орнатылған, күзет бар.

Табиғат пайдаланушылар арасында балық шаруашылығын енгізу бойынша шарт міндеттемелерін орындамайтын, балық аулау Ережесін бірнеше мәрте бұзған су айдындарын жалға алушылар кездеседі. Мысалы пайдаланушы «Щит» жеке кәсіпкерлігіне 2008-2009 жылдары, сондай-ақ 2010 жылдың қаңтар айында әкімшілік кодексіне сәйкес ірі көлемдегі ақшалай айыппұлдар салынды. Осыған байланысты қазіргі күні балық шаруашылығын енгізу шартын бұзу туралы мәселе шешілуде.

«Полис» жеке кәсіпкерлігі жұмыскерлері шарт міндеттемелерін және балық аулау Ережелерін бұзғандары үшін 2009 жылы айыппұл түріндегі

маторының шуылын естіген уақытта электрлі аулағыш құралдарын бірден суға лақтырып жібереді. Суда электр тогін қолдану біздің мемлекеттің заңымен қылмыстық жауапкершілік ретінде қаралады және балық инспекциясы қызметкерлері браконьерліктің мұндай түріне қарсы осы жылы қоғамды тарта отырып күресті барынша күшейтеді.

Браконьерліктің «өздігінен аулағыш» - жанышқылар (острог), лескалы торлар, қалқымалы торлар және заңмен тыйым салынған басқадай аулау құралдарын қолдану табиғатқа орасан зор шығындар әкеледі. Нельма (солтүстік өзендерде болатын жыртқыш балық) және сибірлік бекіре балық түрлерін аулағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Осындай жауапкершілік сүйрік және басқадай балық түрлерін аулау кезінде айтарлықтай келтірілген шығынға байланысты қолданылады.

Мысалы: Ақсу қаласының тұрғыны П.П.Госман Ақсу қаласы әкімшілік сотының үш мәрте шешімімен (29.05.2008 ж., 20.11.2008

айналысуына рұқсат беру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2009 жылдың көктемінде Ертіс өзені жайылмаларына судың барынша аз жіберілуі есепке алсақ, сондай-ақ қатты аязды ескерсек бүгінде қатып қалу қаупі бар шағын су қоймаларындағы балықтың қырылу проблемасы орын алуда.

Осыған орай табиғат пайдаланушылар бекітіліп берілген су айдындарында балықтың қырылып қалмауы үшін аэрационды жұмыстарды белсенді жүргізу тиіс.

Бекітілмеген жергілікті маңыздағы резервтік су айдындарынан балық аулау Ережесіне сәйкес қармақпен 5 килограмға дейін балық аулауға рұқсат беріледі, ал егер 5 килограмнан асса, Павлодар қаласындағы К.Маркс көшесі, 200-үйде орналасқан балық инспекциясы бөлімінен әуесқой (спорттық) балық аулауға рұқсат алынуы қажет.

Н.СЫЗДЫҚОВ,

Павлодар облысы бойынша балық инспекциясы бөлімінің бастығы.

